



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

мемлекеттің бірі. Биліктің ауысуы елге жаңа мүмкіндіктер мен жаңа бастамаларға жол ашты десек те болады. Көршілес елдермен ара қатынасты реттеп, жаңа келісімдерге қол қойып, жаңашылдыққа ұмтылып, жаңа заңдар қабылдап, жаңа реформаларды қарастырып даму үстінде. Елдегі жұмыссыздықты реттеп, білім-ғылым саласын дамытып, тіпті елдегі бюджетті де тиімді қабылдауға қадамдар жасалынууда. Өзбекстан Республикасының кемшіліктері мен қатар артықшылықтары да жеткілікті. Елдің Ауғанстан мемлекетімен көршілес орналасуы елдегі террорлық әрекеттердің көбейіп кетуі мен нашақорлықтың белең алу қаупін туғызатыны жасырын емес. Осы жағынан да Өзбекстан шаралар қолданып, алдын алуға барынша тырысып бағуда. Дін мен биліктің араласып кетпеуі үшін де іс әрекеттер жасалынып, жан-жақты сақтық шаралары орнатылууда.

Қорытындылай келе айтарым, Өзбекстан мемлекеті өз артықшылықтарын дұрыс бағытта қолдана білсе алар асулары көп болары белгілі. Қазба байлықтарын дұрыс игеріп, халықтың сауаттылық деңгейін көтеріп, жұмыспен қамту шараларын іске асырса Орталық Азиядағы көшбасшы елдің бірі әрі бірегейі болу мүмкіндігі жоғары.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Өзбекстанның Орта Азиядағы озық ел болуға мүмкіндігі көп <http://qazaqtimes.com/article/1500>
2. Өзбекстан үшін жаңа өзгерістердің маңызы жоғары <https://egemen.kz/article/ozbekstan-ushin-zhana-ozgeristerdin-manyzy-zhogary>
3. Shavkat Mirziyoyev “Bank xizmatlari ommabopligini oshirish bo‘yicha qo‘shimcha chora-tadbirlar to‘g‘ <http://yangiliklar.net/shavkat-mirziyoyev-bank-xizmatlari-ommabopligini-oshirish-bo-yicha-qo-shimcha-chora-tadbirlar-to-g-uz-yangiliklar>
4. Каримовтан кейін Өзбекстан экономикасы қалай өзгерді <https://naryk.kz/>
5. 2018 жылы Өзбекстанның Қазақстандағы жылы өтеді <http://kaztrk.kz/news/sayasat/2018-zhyly-ozbekstannyn-qazaqstandagy-zhyly-otedi-102402>
6. С.Есіркепов Орталық Азия және Қытай: заманауи геосаясат пен стратегиялық мүмкіндіктер, Астана 2012, 238 б.
7. Өзбекстанда Кәсіпкерлікті Қолдау Жылы http://kazakh-tv.kz/kz/view/world_news/page_189868_

УДК 327 (055)

ШЫҒЫС АЗИЯНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ «АМЕРИКАНДЫҚ ФАКТОР»

Байгожина Айткуль Аскаровна

nurmanova-aitkul@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультетінің Аймақтану кафедрасының 4 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі –П.Қ. Қилыбаева

Вашингтонның Америкадан тыс аймақтарда жүргізе бастаған саясаты АҚШ-тың экономикалық қуат жинап, әскери-теңіз күшін құрғаннан кейін ғана мүмкін болды. Алғашқы кездерде АҚШ әскери-теңіз флотының күші тек даму жағынан артта қалған отар елдерге ғана жетті. Вашингтонның Америкадан тыс, алғашқы экспансиясы Қиыр Шығыстағы - Корея мен Қытайға бағытталды. Бұл саясат тарихта «ашық есік» доктринасы деген атпен белгілі. «Ашық есік» доктринасы АҚШ мемлекеттік хатшысы Джон Хейдің 1899 және 1900 жж. ірі державалар - Ұлыбритания, Франция, Германия, Италия, Жапония және Ресей үкіметтеріне жіберген ноталарының мазмұнынан туындап, Қытайда бірдей экономикалық мүмкіндіктер принципін орнатуға шақырды. АҚШ-тың іскер топтарын бірінші кезекте Қытайдың тұтынушы рыногы қызықтырды. АҚШ стратегтерінің есебі қарапайым еді. Олардың ойынша, егер 500 миллиондық Қытай рыногы АҚШ тауарын айына 1 АҚШ доллары

мөлшерінде тұтынатын болса, онда АҚШ өндірушілері айына 500 миллион доллар көлемінде сауда жүргізетін еді [1].

АҚШ өзінің мүддесін ірі державалардың алдында әскери күшпен сүйемелдей алмайтын жағдайда болғандықтан, Дж.Хэй Қытайда мүдделері бар үкіметтерге келесі ұсыныстарды жасады:

- Қытайда жалға алынған территорияларда немесе аталмыш кезкелген мүдделер аймағында басқа державалардың кез келген негізделген мүдделеріне немесе кез келген келісілген портқа деген құқықтарына шағым келтірмейді;

- қазіргі кездегі Қытай кеден тарифтері, қандай да бір ұлттың меншігіне қарамастан, мүдделер аймақтарында орналасқан порттарға (ерікті порттарды есептемегенде) түсірілген немесе жеткізілген барлық тауарларға қолданыла алады. Осыған негізделген салымдар Қытай үкіметімен алынады;

- мүдделі аймақтардағы порттарға кірген кез келген ұлттың кемелерінен өз ұлтының, кемелеріне қарағанда жоғары салымдар алынбауы тиіс. Сонымен қатар өз аймағындағы темір жолдарда да басқа ұлттардан жоғары салымдар алынбайды [2].

Хэйдің осылай ұсыныс жасауында белгілі мүдде бар еді. Сол кезде Англия мен Жапония Ресей ықпалының Қытайда нығаюына қарсы болатын. Ресей ықпалындағы аймақтарда басқа ұлттардың тауарларына қойылатын жоғары тарифтер Ресей өндірушілерінің өнімдерін қорғап, еркін бәсекелестікті жоққа шығарып отырды. Осы ретте АҚШ-тық "тең мүмкіндіктер" мен "ашық есік" ұсынысы сапасы төмен Ресей тауарларын және сонымен қатар Ресейдің өзін де Қытайдан ығыстыратын икемді экономикалық құрал болып табылатын еді. Осылайша, АҚШ Қиыр Шығыста ағылшын-жапон тобына қосылып, үлкен халықаралық саясат аймағына аяқ басты. Ал, 1905 ж. Ресей мен Жапония арасында Портсмутта (АҚШ) жасалған бейбіт келісім шарт, АҚШ-тың халықаралық саясаттағы беделінің арта бастауын көрсетті.

Вашингтонның Қиыр Шығыста Жапонияны қолдауы соңғысының Манчжурия мен Кореяда орнығуына жол ашса, Токио өз тарапынан АҚШ-тың Филиппин аралдарындағы басшылығын мойындады. Сонымен қатар негізгі державалардың «ашық есік» және «тең мүмкіндіктер» принциптерін қабылдауы АҚШ-тың экономикалық дамуына жағымды әсерін тигізді. 1 дүниежүзілік соғыстың алдында АҚШ өнеркәсіптің дамуы бойынша дүниежүзінде бірінші орынға шықты. 1914 ж. Панама каналының салынуы АҚШ-тың геосаяси жағдайын жақсартта түсті. АҚШ флоты екі мұхиттың арасында тікелей қатынас жасауға мүмкіндік алып, Кариб теңізі бассейні мен Тынық мұхитындағы маңызды тұрақ базаларын орнатты.

Осы орайда, Шығыс Азиядағы интеграциялық үрдістердегі АҚШ пен Жапонияның рөлін айта кететін болсақ, екі мемлекетті ортақтастыратын мәселе өте көп.

50-70 жж. аралығында Жапония экономикалық қатынастар жағынан жоғары дәрежеге көтерілді. 1968 ж. Жапония капиталистік елдер арасында жалпы көлемі жағынан ЖІӨ бойынша АҚШ –тан кейінгі екінші орынға шықты.

Негізгі жетекші ұстанымы кеме жасау, робот өндірісі кәсібі, автомобиль жасау, білдек жасау т.б. 1954 ж. АҚШ – тың келісімен Жапонияда өзін-өзі қорғау, әскери – теңіздік және соғыс-әуе әскерлері құрылды. Қазіргі кезде 2016 жылғы ақпаратпен ол 247 мың адамды құрайды.

1960 ж. қаңтарда Вашингтонда Жапон-Американдық жаңа қауіпсіздік кепілдігі келісімшартына қол қойылды. 1970 ж. бұл келісімшарт белгісіз уақытқа созылды, қазіргі таңда бұл негізгі Жапон-АҚШ елдерінің әскери –саяси одағының құқықтық құжаты болып саналады.

Өзінің жарты ғасырлық кезеңінде Жапон-Американ қауіпсіздік келісімшарты бірнеше рет жаңа құжаттармен және келісімдермен толықтырылып отырды, мысалы: Бірлескен декларация (1996 ж.), Басшылық қағидаттары саласындағы екіжақты ынтымақтастықтың қорғаныс (1997 ж.) және т. б. құжаттар.

Құрама Штаттары Жапонияның азық-түлік тауарларымен, энергетикалық, өндірістік шикізат, сонымен қатар жаңа технологиялармен қамтамасыз ететін маңызды

жабдықтаушысы болып саналады. Ал, Жапония болса өз ретінде америкалық экономикаға керек көптеген бұйымдар мен тауарлар: автомобильдер, жаңашыл станоктар, өндірістік роботтар, тұрмыстық тауарлар, электроника т.б. шығарады.

Сонымен қатар Жапония мен АҚШ арасында мәдени және ғылыми – техникалық айырбастау туралы нақты мәселелер бойынша екіжақты келісім негізінде мәдени және ғылыми байланыстар белсенді жүзеге асады. Жапонияда 20 америкалық мәдени орталықтар бар, жапон-американ достастығы қоғамы т.б.

Сонымен қатар, Жапония әртүрлі бағдарлама бойынша Ассоциацияға қаржылық және техникалық демеу көрсетеді: АСЕАН интеграциясы Бастамасын қосқанда, Меконга бассейнін игеру және осы субаймақта 20 млн. долл. АҚШ бөлінген көліктік магистралінің құрылысы [3]. Жапония 2017 жылы дамушы елдерді мемлекеттік және жеке қардыландыруға 15 млрд. долл. бөлгенін жариялады [4].

АҚШ пен Қытайдың аймақтық және жаһандық бәсекелестігі және ықпалдастық факторларына тоқталатын болсақ, 80-жылдары Қытайдың бағыты Америкамен жақындасуға көшті.

Американ-қытай қатынастарының 80-жылдардың жартысында АҚШ мен ҚХР әскери басшылары кездесулер ұйымдастырды. Дегенмен, АҚШ Жапонияның Қытаймен жақындасуына бөгет болды. Ал ҚХР болса, АҚШ-пен де, КСРО-мен де, Жапониямен жақындасуды көздеді.

Қытай елі әлемдегі тұрақты экономикаға ие елдер қатарында АҚШ-тан кейінгі екінші орында тұр. Ал жалпы өндірістік қуаты бүкіл әлемнің саудасын өзіне тәуелді етіп отыр. Ал сарапшы экономистер алдағы он жылда Қытай экономикасы ең озық болатынына ийтады.

Қазіргі кезеңдегі геосаясатта Қытай Халық Республикасына тендесі жоқ экономикалық өсу есебімен құрылуда. Келесі онжылдықта Қытай жалпы ұлттық өнімнің көлемі бойынша АҚШ-ты басып озады деген жорамал бар. «Үлкен Қытайдың» (ҚХР, Гонконг, Тайвань) экспорты жапондардан асып түседі. Қытайдың қаржы қорының көрсеткіштері (403,3 млрд доллар) дүние жүзі бойынша тек қана Жапония мен Тайваньға орын береді. Қытайдың жаһандық стратегиясының басымдылығында жақын көршілерімен қарым-қатынас тұрақтандыру және ғаламдық лидерлермен бейбіт қарым-қатынаста болуын ескере отырып, қытайлық реформалар мен ашық саясат жүргізуде халықаралық қолайлы жағдайлар қамтамасыз ету орын алады.

Американдық саясаткер З.Бжезинский өзінің «Великая шахматная доска» атты кітабында 20-шы ғасырдың соңғы онжылдығында қалыптасқан әлемдік геосаяси жағдайға баға бере отырып, Қытайды әлемдік емес, аймақтық держава деп атайды. Автор қандай қолайлы жағдайда дамығанның өзінде объективті себептер Қытайды 2020 жылға қарай әлемдік мемлекетке айналуға қол жеткіздіре алмайтынын айта келе былайша қорытынды жасайды: «Қытай қазірдің өзінде құрлықтағы геосаяси тұрғыдан алғанда ең ықпалы күшті мемлекет болып табылады. Оның әскери және экономикалық қуаты көршілес елдермен, Үндістаннан басқа, ешқандай салыстыруға келмейді. Сондықтан өз тарихының, географиясының және экономикасының талаптарына сәйкес Қытай аймақтағы өз ықпалын нығайта түсері хақ».

Сонымен, Қытай - 2010 жылдың қорытындысына сәйкес Жалпы ішкі өнімі бойынша 1968 жылдан бері әлемдегі екінші экономика болып келген Жапонияны басып озып, АҚШ-тан кейінгі әлемдегі екінші ірі экономикаға айналды. Қытай Мемлекеттік статистика басқармасының мәліметінше ел экономикасы 2010 жылмен салыстырғанда 10,3 % қарқынмен дамып, ЖІӨ 2014 жылдың соңында 6,03 трлн. АҚШ долларын құраған. Оптимистік гипотезалар бойынша Қытай жылына 10 пайыздық даму көрсеткіштерін сақтай отырып, 2025 жылы АҚШ-ты басып озады деп жоспарлануда. Өйткені елдің экономикалық басқару жүйесі әлемде жүріп өткен соңғы экономикалық дағдарыс кезінде өзінің өміршеңдігін дәлелдеген болатын. Қытай билігі экономиканы мемлекеттік реттеу арқылы дағдарыс кезінде ел экономикасының даму қарқынын сақтай отырып, шет елдерге инвестиция салуды үдете түсуде.

Қытай – АТР екі қарама-қарсы державалар: АҚШ пен Қытаймен экономикалық байланыстың жоғары деңгейде дамуын қамтамасыз ету жолға қойылды. Қытайды АТР елдерімен ынтымақтастыққа тартуда Жапония екі бағыт ұстанды: бірінші, жапон-американ сауда және экономикалық байланыстың құрылған жүйесіне ықпал ету; екінші, осы аймақтың дамушы елдерімен тікелей көп жақты қарым-қатынастар орнату.

Бірінші бағыт Қытай, АҚШ және Жапонияның АТР-де экономикалық байланыстарын анықтаса, Екінші бағыт АТР-гі дамушы елдермен жапон-қытай ынтымақтастығының көпжақтылығын анықтап берді. Екі елдің сауда қарым-қатынасы орталықтанған рөлге ие болды. 80-жылдардың басының өзінде Жапония ҚХР-ды жетекші сауда серіктесі ретінде санады. Жапония басқа елдерге үлкен көлемді займдер мен несиелер берді. АТР-гі Қытай-жапон бәсекелестігі алға қойылды. Осы кезден бастап, серіктестіктен бәсекелестікке деп аталатын кезең басталды [5].

Соңғы кездері Қытайдың «Тынық мұхиттық ынтымақтасуы» идеясына деген қызығушылығы артуда. Азия-тынық мұхит ынтымақтастығында Қытайдың да үлесі зор. «Азия-тынық мұхиты» қазіргі кезде жапон-Қытай қарым-қатынасындағы негізгі даулы мәселелер болуда. Себебі, біріншіден, Қытай Азияда экономикалық және саяси-стратегиялық салада ықпалын тигізуші мемлекет. ҚХР-дың Жапониядан экономикалық артта қалуына байланысты техника мен көмек көруде. ҚХР-дың Жапониямен қарым-қатынасы соңғы он жылда қанағаттанарлықтай болғанымен, әлі де шешуін таппаған мәселелер көп [6]. Азиядағы қаржы-экономикалық дағдарысқа қарамастан АТР ХХІ ғасырдағы әлемнің экономикалық, саяси жетекші ұйымына айналып отыр. Қытайдың АТР-ге ерекше көңіл бөлуінің себебі: Пекин көзқарасы, Қытай Азия және тынық мұхит аймағында үстемдік орнату мүмкіндігі. Өзінің саяси және экономикалық бағытын АТР-де нығайту мен орнықтыруға қол жеткізуде. Жапония мен Қытайдың сыртқы саясатында екі жақты өзара келісімдер жетерлік, дегенмен, Қытайдың әскери күшін кеңейту Жапон үкіметінің алаңдатушылығын туғызды.

Қорытындылай келетін болсақ, қазіргі жаһандану заманындағы әлемнің аса ірі державасы Америка Құрама Штаттарының шығыс азиядығы саясатын зерттеу – АҚШ-тың жалпы әлемдік аренадағы алатын орнын аша түседі. Осы орайда, оның халықаралық құрылым шеңберіндегі, сондай-ақ екі жақты байланыстар деңгейіндегі тұрақтылықты қамтамасыз етудегі жанжалдарды болдырмаудағы және реттеудегі рөлі шешуші болып сипатталмаса да, аса маңызды болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Дәдібаев Ж. «АҚШ – тың алғашқы геостратегиялық тәжірибелері» Хабаршы № 1, 2003, б.- 6
2. Заявление Комиссии. Обзор мер ЕС в ответ на события 11 сентября и оценка их экономических последствий, КОМ 2001.
3. OECD// Economic Outlook.-2011.№ 89.p.405.
4. Глобальные и региональные аспекты развития внешней политики Японии во II половине XX - начале XXI века//<https://articlekz.com>
5. Изотов А. Япония: концепция выходы в лидеры. //
6. Семин А. Токио-Пекин: Непростой диалог. Проблемы дальнего востока. М., 2011. 485с.